

**Ерсұлтанов Қ.С.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, дене мәдениеті және спорт факультеті, 1-курс магистранты  
(*Ғылыми жетекші - п.ғ.к., профессор Рамашов Н.Р.*)

## **ПАТРИОТТЫҚ БАУЛУ МЕН ЖАУЫНГЕРЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ**

Кез келген қоғам дамуында мемлекеттің тұтастығы, мемлекет дербестігі, тәуелсіздігі халықтардың отанға деген сезімімен, патриотизмнің деңгейімен тікелей байланысты. Елімізде патриотизм мәселесі ұлттық қауіпсіздік стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде айрықша орын алады. Елбасы «Қазақстан – 2050» Жолдауында былай атап өткен: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады» [1].

Адам ержүрек, батыл, патриот болып тумайды. Бұл қасиеттер қоғамдағы өмірдің, мақсатты бағытталған тәрбие жұмысынан қалыптасады. Сондықтан патриоттық жұмыс барлық құқық қорғау, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік салаларының жеке құрамдарымен отансүйгіштік тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылуы тиіс.

Елбасының «Қазақстан – 2030» Жолдауында: «...біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімімен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деп атап өтті [2]. Сондықтан әрбір сала қызметкерінің алдында қоғамдық қауіпсіздікті берік қорғауды қамтамасыз етудің маңызды міндеті тұрғандықтан, барлық сала қызметкеріне сенім білдіретін халықпен өзара тығыз қарым-қатынас жасау арқылы ғана мүмкін болады.

Әр жеке қызмет қызметкерінің халықпен қарым-қатынастары, еңбектің негізгі нысаны ретінде әкімшілік қызметте адамдармен сыйластық, қарым-қатынаста болу, азаматтардың адамгершілік іс-әрекеттері мен қасиеттерін қалыптастыруда жан-жақты көмек көрсетіп, кәсіптік қызметіне, оның ерлікке толы өткен кезеңін сыйлау білу мен олардың абыройын арттыруда көмек көрсетуге және азаматтардың күшті құрылымдар қызметкеріне деген сенімін қалыптастыруға ат салысуы керек.

Ал осы тәуелсіздік бізге қалай келді? Тарихқа көз жүгіртіп қарасаңыз Қазақтың ұлан-байтақ даласын біздің ата-бабаларымыз сан ғасыр бойы найзаның ұшы, білектік күшімен, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай аман сақтап келді. Ата-бабаларымыздан қалған осындай ұлан байтақ жерді кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдыру бұл біздің міндетіміз. Сондықтан тыңдаушылар мен курсанттарды Отансүйгіштікке, патриоттыққа, жауынгерлікке тәрбиелеу. Отансүйгіштік рух - қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүние жүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Халық қаһарманы Б.Момышұлы: «Солдаттардың бойында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы аса зор екеніне көзім жетті», дейді. Патриотизм, - туралы Б.Момышұлы, - Отанға /мемлекетке/деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамны күшейту екенін мойындау, дәлірек айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни оның өткенімен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді деп атап көрсеткен.

«Отанды сүю от басынан басталады» деп ұққан ата-бабаларымыз отансүйгіштік қасиетті ата-ана, ауыл-аймақтың, елінің намысын қорғауды өз ұрпақтарына бірінші парыз ретінде ұқтырып өсірді. «Елінді сүйсең ерлік істейсің», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Жеріне лайық елі туады, Еліне лайық ері туады», «Туған жерге ту тігу елім деген

азаматтың борышы» дегенді өздерінің ұл-қызының бойына үнемі сіңіріп отырған. «Ер намысы - ел намысы», «Ер - намыстың құлы», «Арың үшін алысу - азаматтық», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген елжандылық ұрандар халқымыздың мәңгілік тәрбие қағидасына айналған.

Патриотизм – қасиетті ұғым. Ол әрбір азаматтың бойындағы туа біткен сезім емес. Патриотизм – Отанға деген әр азаматтың сүйіспеншілігі, өз халқына берілгендік оның мүддесі үшін кез келген құрбандық пен ерлік жасауға дайын тұрушылық. Отаншылдық идеясы өмірге ұзақ тарихи - әлеуметтік дамудың нәтижесінде келген. Адам қауымдасып өмір сүргеннен бастап, өз қоғамын, өлкесін, табиғатын сүйген. Соларға деген сезім мен ұнатымы қалыптасқан. Қоғам дамуының кезеңдері мен түрлі әлеуметтік арнасы отаншылдық сезімді саяси мазмұнға айналдырған.

Қазақтың жауынгерлік дәстүрін қазақ халқының көшпелі тіршілігіне, қоғамдық құрылым ерекшелігіне байланысты қарастыратын болсақ жауынгерлік дәстүр-тұтас қазақ қолының жауынгерлік сипаттағы әзірлігін үзбей ұстауы. Бұл жерде қазақ халқы ұлт болып қалыптасуы дәуірінен бастап күні кешеге дейін жауынгерлік жағдайда өмір сүріп өз елін, жерін, тәуелсіздігін үнемі қорғап отыруға тура келді. Сол себепті қоғамның қолына қару ұстауға жарайтын азаматы кез-келген уақытта қазақ әскерінің жауынгері болып табылатын.

Жауынгерлік дәстүр мен ерлікті қалыптастыратын қасиеттер: ел қорғау дәстүрі, жер қорғау дәстүрі, жауынгерлік - ізбасар дайындау, байрақты жеңіс тұғырынан түсірмеу, анттасу (ант беру), серттесу; адамгершілік, ар - намысты жоғары ұстау, іс-әрекеттегі батылдық, шешімталдық, елжандылық.

Яғни, ерлік тәрбиесі дегеніміз ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі негізінде тыңдаушылар мен курсанттардың ерік-жігерін, табандылық, батылдық қасиеттерімен бірге ұлттық сана, парыз, намысты қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бүгінгі күн тұрғысынан алып қарайтын болсақ, егемен еліміздің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың санасына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты қалыптастыру.

Ер баланы ұлттық негізде жауынгерлік дәстүр арқылы ерлікке баулуға байланысты Халық қаһарманы Б.Момышұлының еңбегін ерекше атап кетуге болады. «Жігітті жауынгерлік қасиеттерге тәрбиелейтін қазақтың игі дәстүрлері» атты еңбегінде сарбаздардың бойында жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеуде халықтардың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлерінің маңызы зор екеніне тоқтала келе, халық даналығының алтын қазынасын білім мен тәжірибемізге пайдалану жолдарын көрсетеді.

Көптеген ғылыми еңбектерді зерделей келе, ерлік пен жауынгерлікті қалыптастыруға себін тигізетін қасиетті белгілер: ұлттық сана - сезім, ұлттық мақтанш, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, парыз, намыс, бірлік және міндет. Әскери-патриоттыққа баулу ісіне ата-ана, қоғамдық және оқу орындардың атқаратын рөлі ерекше. Әр адам ата-бабаларымыз негізін салып кеткен игі дәстүрлерді мақтан ете отырып, өз ұлтын қалтқысыз сүю арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеуге тиіс.

Жауынгерлік-патриоттыққа баулуды жетілдіру жолында өткендегі әскери тарихын зерттей отырып, бүгінгі өмір талабына сай оның мазмұнын, міндеттерін терең ұғыну керек. Жауынгерлік - патриоттық тәрбие берудің басқа тәрбие үрдістерінен өзіндік ерекшеліктер бар. Себебі, жауынгерлік - патриоттық тәрбие беруде негізінен әртүрлі жағдайда Отанын қорғауға, қызметтік борышын адал атқаруға, бейбітшілік сақтауға дайын болу бағытындағы жұмыстар қамтылады.

Тыңдаушылар мен курсанттарды жауынгерлік-патриоттыққа баулуда қазақ халқының ерлік дәстүрін суреттейтін әндердің де маңызы зор. Бабаларымыздың ерлік дәстүрінен нәр алған қазақ халқының біртума ұлдары Ж.Аймауытов пен М.Дулатовтың ұлттық әскерімізге арнап «Әскер маршы» атты әскери әнін алып қаралық:

Арғы атам-ер түрік,  
Біз қазақ еліміз.  
Самал тау, шалқар көл,

Сарыарқа жеріміз,-деп басталатын ән жастардың бойына ерліктің өшпес нәрін себеді[3].

Халқымыздың атадан - балаға жалғасқан әндері жас ұрпақты адамгершілікке, Отанды, қоршаған ортаны сүйеге, ерлікке, табандылыққа тәрбиелеуде маңызы зор. Ұлттық ерлік дәстүрдің негізінде тәрбиелік мәні бар әндер туып отырған. Осындай ерлік дәстүрінің жалғастығын ұлттық мұрадан тағылым алған қазақтың қаһарман ұлдары Төлеген Тоқтаров пен Рамазан Елебаев соғыстың бір тыныштық сәтінде:

- «Әдемі ән ерліктен туа ма, әлде әдемі әннен ерлік туа ма , -деп сұрайды.

-Өзің қалай ойлайсың?

-Менің түсінуімше,-дейді Төлеген, -әдемі әннің шығуына әйгілі ерлік себепкер болуы керек. Ерлік болса ән туады», - дейді [4].

«Жас қазақ» әні 20 - ғасырдағы қазақ халқының ерлігімен, батырлығын суреттейтін ән ұран десе артық айтпаймыз. Қазақ халқының әскер-тарихи әндері жас ұрпақты ерлікке және жауынгерлік рухта тәрбиелеу және ата-баба дәстүріне деген сезімін ояту жолындағы ұлы күш деуге әбден болады. Ал бүгінгі күні әскери - жауынгерлік байқау жарыстарындағы әндерді тыңдасаңыз кейбіреуінің не Отаншылдыққа болмаса жауынгерлік-патриоттыққа тәрбиелеуге мән-мағынасы сай келмейтін әндерді кездестіріп қалып жүрміз.

Ортақ отанымыздың мүддесі үшін барлық ұлт өкідері қазақстандық патриотизмді жоғары ұстау дәрежесіне ұмтылу керек. Оның басты күші, қамқоршысы әрі тірегі – қазақ ұлты. Қазақ азаматтарының ынтымағы, бірлігі, бастамшылығы, ортақ мүддесі – жаңа әлеуметтік қадамына деген жауапкершілік пен парызды көтерулері қажет. Қазақ патриотизмінің белсене атқаратын міндеті осы тұста нақты байқалады. Жеке тұлғаны қалыптастыруда ұлттық жауынгерлік дәстүрлердің маңыздылығы жастар тәрбиесіне берері мол. Сонымен қатар, халықтық дәстүрлер мен ұлттық рәміздер, жастарды Отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырып, олардың бойына ұлттық рух, ұлттық сезім, парызды ұялатады.

Ұлттық жауынгерлік дәстүрлерді пән сабақтары мен тәлімгерлік уақытта жүргізілетін жұмыстарда жүргізіп, егемен еліміздің бейбітшілігі мен тәуелсіздігін, ұлттың бірлігін ойлайтын азаматтарды тәрбиелеуде алатын орны ерекше.

Дегенмен, қазіргі таңда кейбір келеңсіз жәйттардың көңілге сыза тудыратын да айта кетпеске болмайды. Мәселен, кейбір ұлттар мен ұлыстар өздерінің жеке көліктеріне басқа мемлекеттің тулары тағып, өзге мемлекеттің рәміздері бейнеленген киімдерді киіп жүреді. Мұндай азаматтардың іс - әрекеттері өз Отанын құрметтемейтіндігі, сондай-ақ рухани жағынан басқа мемлекетті аңсайтындығы көрініп тұрады. Сондықтан мұндай жәйттарды болашақта жөнге келтіру мақсатында заң шығарушы органдар арнайы заң қабылдаса, орындамағандарын жауапкершілікке тартса дұрыс болар деген ойдамыз.

Сөз соңында «Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс», - деген Елбасымыздың сөзімімен аяқтағым келеді.

#### Әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14.12.2012.

2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» Жолдауы.

3.С.Иманбаева. Ерлік тағылымы – Алматы, 1998. 37 б.